6. Клюкин С.Д. Диагностика, основные причины, породная и возрастная предрасположенность собак и кошек к острой и хронической боли / С. Д. Клюкин, В. В. Салаутин, Н. А. Пудовкин // Актуальные вопросы патологии, морфологии и терапии животных: Материалы 20-й национальной научно-практической конференции с международным участием по патологической анатомии животных, Уфа, 01 января – 20 2020 года / Министерство Сельского Хозяйства Российской федерации; Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «башкирский государственный аграрный университет»; Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «уральский

государственный аграрный университет»; Международная общественная организация «международная академия аграрного образования». – Уфа: Башкирский государственный аграрный университет, 2020. – С. 139-143. – EDN JWNXXW.

7. Кононова А.В. Диагностика краниоцервикальной мальформации у собак мелких пород / А. В. Кононова С. В. Теребова О.С. Ахмадеева // Аграрный вестник Приморья. – 2022. – № 1 (25). – С. 39-43. – EDN DTZMPP.

8. Кривова Ю.В. Магнитно-резонансная томография в диагностике сирингомиелии у 17 собак: есть ли корреляция морфометрических характеристик кисты с клиническими данными? / Ю. В. Кривова, Н. А. Глазов, К. В. Лисицкая, А. Л. Кузнецова // Российский ветеринарный журнал. Мелкие домашние и дикие животные. – 2014. – № 1. – С. 34-36. – EDN RWGFIL.

9. Ягников С.А. Оперативное лечение синдрома затылочной мальформации Киари у собак карликовых пород / С. А. Ягников, А. В. Фомин, П. С. Кожушко [и др.] // Российский ветеринарный журнал. Мелкие домашние и дикие животные. – 2012. – № 5. – С. 6-9. – EDN PESIVX.

УДК 619.616:126.423

КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ ЭНДОКАРДИОЗА МИТРАЛЬНОГО КЛАПАНА У СОБАКИ

Шуплецова А.В., Сапа В.А.
НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы» г. Костанай, Казахстан. svladislavdoc@mail.ru

Актуальной проблемой в ветеринарной медицине выступают внутренние незаразные болезни. В связи с развитием современной ветеринарии и новых методов диагностики врачи приобретают все больше возможностей к диагностике болезней сердца и его клапанов [1].

Эндокардиоз митрального клапана – одна из наиболее распространённых патологий собак старшей возрастной группы. Считается, что наиболее предрасположены к болезни таксы, терьеры, спаниели, а также пекинесы и бульдоги (хондродистрофичные породы), и другие собаки средних и карликовых пород. У крупных собак эта патология встречается реже, но может развиваться быстрее в связи, с чем имеет более осторожный прогноз [2].

Для эндокардиоза характерно дегенеративное изменение хорд и створок митрального клапана. По мере прогрессирования болезни у собак характерно возникновение несостоятельности двухстворчатого клапана, расположенного между левым предсердием и желудочком. Неплотное смыкание створок клапана в момент систолического сокращения желудочка приводит к появлению обратного тока крови (регургитации), направленного в левое предсердие. Причины такого процесса пока окончательно не выяснены, однако типичным является изменение структуры соединительной ткани. Чаще всего поражается митральный клапан, в 30% случаев обнаруживаются поражения трикуспидального клапана [3].

Целью работы является разбор клинического случая эндокардиоза митрального клапана у собаки.

Материалы и методы: собака, кобель по кличке Арчи породы такса, в возрасте 12 лет, массой 14.7 кг.

По данным анамнеза со слов хозяйки животного Бартош Н.Д. у Арчи около 3 месяцев наблюдают одышку, иногда кашель, примерно 3-4 раза в день. Последние две недели кашель стал чаще, около 10-15 раз в сутки. Вчера был синкопальный приступ. Физическая активность снижена, при умеренной физической нагрузке одышка и кашель усиливаются. Жажда увеличена, аппетит в норме. Животное вакцинировано, от эндо- и эктопаразитов не обработано.

Во время клинического осмотра питомца выявлено ожирение (талия отсутствует, массовые отложения жира в области грудной клетки, поясницы и корня хвоста, ребра не прощупываются), тахикардия (ЧСС 150 уд/мин),

темпиратура тела – 37,8. Видимые слизистые оболочки бледные, СНК (скорость наполнения капилляров) – 2 секунды. Давление в бедренной артерии пальпаторно снижено, на тонометре 100/70 мм.рт.ст. Смешанная одышка и непродолжительный кашель, усиливающийся после стрессовых ситуаций и не продолжительных физических нагрузок. Систолический шум 4/6 в области митрального клапана, прослушиваемый с обеих сторон грудной клетки. Крепитация в прикорневых долях лёгкого.

Для диагностики был проведен ряд исследований:рентгенография и эхокардиографическое исследование сердца.

На рентгенологическом снимке (Рисунок 1) обнаружена кардиомегалия(увеличение силуэта сердца) VHS – 12.8 (норма у такс 8,7-10,7 [5]); Так же обнаружены усиление интерстициальногопаттерна по всем полям легких и прикорневой отёк легких.



Рисунок 1 – Правая латеральная проекция ГК собаки. Замер VHS

По данным эхокардиографического исследования (Рисунок 2) обнаружен эндокардиоз митрального клапана степени 3; Митральнаярегургитация4 степени. Дилатация левого предсердия умеренная. Обнаружен турбулентный транскупидальный поток. Визуально створки аортального клапана без изменений, обнаружены регургитационные потоки 1 степени. Створки клапана легочной артерии без изменений, обнаружены регургитационные потоки 1 степени. Наблюдалась умеренная легочная гипертензия.

Исходя из данных всех исследований, был поставлен диагноз: эндокардиоз митрального клапана степени3, отек легких, ожирение.

Для лечения заболевания назначена следующая медикаментозная терапия:

- Ветмедин 5 мг ½ таблетка 2 раза в день в течение жизни.

Ветмедин (пимобендан)– кардиотоническое средство с положительным инотропным и вазодилятирующим эффектом. Для нормализации работы сердца; [5]

- Вазотоп 2.5 мг 1 таблетка 1 раз в день в течение жизни.

Вазотоп (рамиприл) – гипотензивное средство используемое при артериальной гипертензии [5].

Рисунок 2 – Левая апикальная позиция сердца

- Фуросемид 40 мг 1 таблетка 2 раза в день в течение 3х дней, далее по 1 таблетке в течение 5-ти дней.

Фуросемид – «петлевой» диуретик; вызывает быстро наступающий кратковременный диуретический эффект [5].

Исходя из данных всех исследований, был поставлен диагноз: эндокардиоз митрального клапана степени3, отек легких, ожирение.

Для лечения заболевания назначена следующая медикаментозная терапия:

- Ветмедин 5 мг ½ таблетка 2 раза в день в течение жизни.

Ветмедин (пимобендан)– кардиотоническое средство с положительным инотропным и вазодилятирующим эффектом. Для нормализации работы сердца; [5]

- Вазотоп 2.5 мг 1 таблетка 1 раз в день в течение жизни.

Вазотоп (рамиприл) – гипотензивное средство используемое при артериальной гипертензии [5].

- Фуросемид 40 мг 1 таблетка 2 раза в день в течение 3х дней, далее по 1 таблетке в течение 5-ти дней.

Фуросемид – «петлевой» диуретик; вызывает быстро наступающий кратковременный диуретический эффект [5].

- Верошпирон 25 мг 2/3 таблетки 2 раза в день в течение жизни.

Верошпирон – калийсберегающий диуретик пролонгированного действия, конкурентный антагонист альдостерона [5].

Такая схема лечения привела к улучшению самочувствия животного.

Для профилактики осложнений и предупреждения дальнейшего развития заболевания животному была назначена пожизненная поддерживающая терапия. Хозяйке были даны следующие рекомендации:

1. Регулярно и в корректных дозах давать животному назначенные лекарственные препараты;

2. Для контроля состояния животного и коррекции терапии посещать ветеринарного врача-кардиолога не реже 1 раза в полгода;

3. По возможности снизить физические нагрузки и исключить ситуации, на которые животное может эмоционально реагировать;

4. Кормить животное привычным кормом;

5. Производить подсчет частоты дыхательных движений (ЧДД) во время сна животного: норма до 30 дыхательных движений/минуту.

В случае увеличения ЧДД выше пороговых норм – обратиться к ветеринарному врачу-кардиологу.

6. При возникновении одного из следующих симптомов:

- Увеличение ЧДД выше пороговых значений;
- Появление/усиление кашля;
- Обморок;
- Ухудшение переносимости физических нагрузок;

обратиться к ветеринарному врачу-кардиологу.

Обоснование лечения. Основными препаратам при лечении данного заболевания будут является: ингибиторы АПФ (ангиотензин-превращающего фермента): «Вазотоп», они угнетают действие ангиотензин-превращающего фермента, стабилизируют уровень брадикинина, замедляют всасываемость натрия и воды. В результате воздействия на ренин-ангиотензиновую систему ингибиторы АПФ обладают понижающим давление эффектом, что положительно сказывается на работоспособность и «продолжительность жизни» миокарда.

Петлевые диуретики: «Фурасемид» в дозе 2-4 мг/кг х 2 р. в день. Он действует на конечную часть дистального канальца нефрона, уменьшает преднагрузку и постнагрузку на сердца, устраняет застойные явления во внутренних органах и периферические отеки.

Калий сберегающие диуретики: «Спиронолактон» (Верошпирон) в дозе 2-5 мг/кг в день. В дистальных отделах нефрона он препятствует задержке альдостероном натрия и вод, подавляет калийвыводящий эффект и блокируют побочные действия «фуросемида».

Вывод. Для диагностики патологий ССС у животных необходим комплексный подход с использованием клинических и специальных методов.

Наиболее информативным методом для выявления патологий митрального клапана является эхокардиография, так как при проведении этого метода исследования у животных есть возможность установить степень патологического процесса. Крометого метод позволяет проводить мониторинг течения заболевания в процессе терапии и контролировать эффективность лечения.

Литература:

1. https: // www.proplan.ru/vet/welness / article/endokardioz-mitralnogo-klapana-sobak/

2.https://med-vet.ru/stati/kardiologiya/endokardioz-mitralnogo-klapana-u-sobak/

3. Материалы VI Международной научно-практической конференции иностранных студентов и магистрантов, Витебск, 20 апреля 2021 г. / Витебская государственная академия ветеринарной медицины ; ред. Н. И. Гавриченко [и др.]. - Витебск: ВГАВМ, 2021.

4. Мартин М., Коркорэн Б. «Кардиореспираторные заболевания собак и кошек», Пер. с англ. С. Л. Черятникова. – М.: «Аквариум Принт», 2010. – 496 с.

5. https://www.vidal.ru/veterinar/vetmedin – 28294

III СЕКЦИЯ: ДРУГИЕ НАУКИ

ЭКОНОМИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Абибуллаева И.А.
Ақтөбе, көлік байланыс және жаңа технологиялар колледжінің арнайы пән оқытушысы, Ақтобе, Қазақстан, Indira_007 @mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі заман талабына сәйкес әр оқытушы жаңа технологияларды пайдалана отырып, білім алушылардың деңгейін бағалап қана қоймай, олардың еркіндігін, белсенділігін, өз бетінше шешім қабылдай алуға бағыттау. Үнемі инновациялық технологияларды пайдалану-заман талабы

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін оқытушы мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқарутәсілдері.

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістіңжүзеге асуына көмектеседі.

Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту құралдары – білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар,дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері, зертханалар, ЭЕМ және ТВ, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс.Әңгімелесу – дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды.

Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе, немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және

бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекеттің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады.

Әңгімелесу әдісі. Оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады.

Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып оқушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің бір түрі – оқушымен әңгімелесу. Оны сыныппен, оқушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе жоғары сынып оқушылары өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, мұғалім ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты.Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

- ес пен тілді дамытуы;
- оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді етуі;
- оқушылардың білімінің белгілі болуы;
- жақсы диагностикалық құрап;
- үлкен тәрбиелік күші бар.

Әңгімелесу әдісінің кемшілігі:

- уақыттың көп кетуі;
- қауіп элементі бар (оқушы дұрыс жауап бермеуі мүмкін, оны басқа оқушылар естіп, есінде сақтап қалады.

Барлық жаңа технологияның алдына қоятын мақсаты – оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. *Экономика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты* – арнайы педагогикалық әдістермен тәсілдерді мақсатты, жүйелі түрде пайдаланылып, оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыру – оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Экономика сабағында оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта заманауи технологияларын қолдану қажет. Қазіргі заман технологиялары сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының

кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек.

Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты. Сондықтан мен өзімнің педагогикалық тәжірибемде сабақ жүргізуде сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасын негізге алып саралап-деңгейлеп оқыту тәсілдерін қолданамын. Дәстүрлі сабақ пен қазіргі сабақты салыстырмалы талдауды зерделей отырып, сабақты жаңаша құруды үйреніп, оқушыларға оқу тапсырмасын дайындап, олардың танымдық қызметін белсендіруді, білім сапасын арттыруды мақсат етіп алдым. Осы мақсатқа жету үшін инновациялық технологияларды сабақта қолданамын.

Оқу пікірталастары оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғанық және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікір-сайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Білімсіз өткен пікірсайыс жүйесіз мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Оқу пікірсайыстары оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Мұғалім сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін оқушылардың естеріне салуы қажет. Оқу пікірталасы негізгі мектептің жоғары сыныптарында, ішінара, орта мектептің бастауышсыныптарында қолданылады.Жақсы өткізілген пікірсайыс балаларға білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.Кітаппен және оқулықтармен жұмыс – оқытудың маңызды әдісі. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді. Баспа материалдарымен өз бетімен жұмыстың кейбір тәсілдері бар. Олар:

- конспектілеу – кітаптың мазмұнын қысқа баяндау;
- мәтіннің қарапайым және күрделі жоспарын жасау. Жоспар құру үшін мәтінді оқып болған соң оны бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беру керек;
- тезистеу – кітаптың негізгі ойларын қысқа баяндау;
- цитаталау – мәтінді сөзбе сөз көшіру. Міндетті түрде автор, кітап (жұмыс) аты, баспасы, шыққан жылы, беттері көрсетіледі;

- аннотация – мәнді, елеулі мағынасын жоғалтпай мазмұнды қысқа баяндау;
- рецензиялау – оқу материалы туралы өз ойын қысқа жазу;
- справка жазу – тапқан кітап, т.б. мағлұмат көзі туралы мәлімет. Анықтамалар статистикалық, библиографиялық (өмірбаяндық, терминологиялық, географиялық,
т.б) түрде болады;
- формалдық-логикалық модель – мәтіннің сызбасы;
- тақырыптық тезаурус – бөлім, тақырып бойынша негізі ұғымдарды ретке келтіру.

Оқушылар үшін білім көзі – бақылау, мұғалім сөзі, баспа материалдары. Оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми – көпшілік әдебиеттер және журналдардан оқушылар түрлі ақпараттар алып, сабақта алған білімдерін бекітуге, кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік алады, өз бетімен білім алу әдістерімен қаруланады. Кітаппен жұмыс әдісін меңгеру үшін ең алдымен оның тәсілдері меңгеріледі.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
2. Нұрғалиева Г.Қ. Педагогиканық логикалық-құрылымдық курсы, – Алматы, 1996.
3. Оконь В. Введение в общую дидактику. – Москва: Высшая наука, 1990.

УДК 004.43

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ЗООТЕХНИИ: ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ЗАБОЛЕВАНИЙ И ОПТИМИЗАЦИЯ РАЗВЕДЕНИЯ

Байжанова М. С.
Карагандинский Технический Университет имени Абилкаса Сагинова
г. Караганда, Казахстан, bayzhanova03@inbox.ru

Аннотация. Применение искусственного интеллекта в зоотехнии: «Прогнозирование заболеваний и оптимизация разведения» исследует влияние современных технологий на зоотехническую отрасль. В статье рассматривается роль зоотехнии и представляет искусственный интеллект, как средство оптимизации процессов ухода за животными. Также предлагается обзор существующих технологий ИИ в зоотехнии с акцентом на их успешные применения и подробно описывает методы прогнозирования заболеваний с использованием алгоритмов машинного обучения

Искусственный интеллект в зоотехнии предлагает глубокий взгляд на применение технологии искусственного интеллекта в различных аспектах зоотехнической отрасли. Существует несколько технологии искусственного интеллекта, которые уже используются в зоотехнии. Это включает системы мониторинга, алгоритмы анализа данных, и автоматизированные системы ухода за животными. Рассмотрим некоторые убедительные истории о том, как применение искусственного интеллекта в зоотехнии привело к реальным улучшениям в фермерских хозяйствах.В одном фермерском хозяйстве внедрение системы искусственного интеллекта в управление кормлением привело к существенному улучшению эффективности. Алгоритмы машинного обучения анализировали данные о пищеварении и потреблении пищи каждого животного, что позволило точно настраивать рационы. В результате уровень производства молока удвоился, а издержки на корма снизились.На другой ферме использование ИИ для системы мониторинга здоровья животных сократило случаи заболеваний. Алгоритмы анализировали показатели активности, температуру и пульс, предсказывая возможные заболевания задолго до появления явных симптомов. Это позволило фермеру принимать меры предосторожности и своевременно лечить стадо.В некоторых фермерских хозяйствах ИИ успешно применяется для оптимизации программ разведения. Алгоритмы анализируют генетические данные животных, предсказывая оптимальные пары для разведения с учетом желаемых характеристик потомства. Это привело к улучшению генетического потенциала стада и увеличению качества продукции [1].

Как искусственный интеллект используется для прогнозирования заболеваний у животных, предостерегая их заранее и обеспечивая своевременное лечение? Искусственный интеллект активно применяется для анализа больших объемов данных о здоровье и поведении животных. Системы мониторинга собирают информацию о пульсе, температуре, активности и других физиологических параметрах. Алгоритмы машинного обучения анализируют эти данные, выявляя нормальные и аномальные паттерны, а также корреляции, которые могут указывать на возможные заболевания. ИИ способен выявлять признаки заболеваний задолго до того, как они становятся очевидными. Алгоритмы прогнозирования анализируют исторические данные и идентифицируют предвестники болезней, такие как изменения в пульсе, аппетите или активности. Это позволяет ветеринарам и фермерам принимать меры до того, как заболевание сильно повлияет на здоровье стада. Прогнозирование заболеваний с использованием ИИ не ограничивается общим анализом стада. Системы также предоставляют индивидуальный мониторинг для каждого животного. Это важно, так как заболевания могут проявляться индивидуально. Алгоритмы, учитывая уникальные характеристики каждого животного, могут точно определить изменения в их состоянии здоровья.Благодаря прогнозированию заболеваний, своевременные меры лечения могут быть предприняты, минимизируя влияние болезни на стадо. Это не только спасает жизни животных, но и снижает затраты на лечение. Экономия ресурсов также происходит за счет того, что предотвращаются потери продукции из-за заболеваний. Есть кейс-стади, где ферма успешно внедрила систему прогнозирования заболеваний. Благодаря этому внедрению удалось снизить заболеваемость стада на 30%, улучшив общую производительность и благосостояние животных. Исследование и применение искусственного интеллекта в прогнозировании заболеваний становится ключевым элементом современной зоотехнии, повышая эффективность управления здоровьем стада и сокращая негативные воздействия болезней [2].

Искусственный интеллект начинает свою работу с анализа генетических данных каждого животного в стаде. Это включает в себя информацию о родителях, предках и всех доступных генетических маркерах. Алгоритмы машинного обучения проводят глубокий анализ этих данных, выявляя скрытые паттерны и предсказывая потенциальные характеристики потомства. Искусственный интеллект динамично реагирует на изменения в окружающей среде и требованиях рынка. Алгоритмы обновляются, учитывая новые требования к продукции, изменения в климатических условиях и другие факторы. Это позволяет фермерам быстро адаптироваться к переменам, поддерживая высокий уровень эффективности в разведении. Применение искусственного интеллекта в оптимизации программ разведения становится ключевым фактором в современной зоотехнии, улучшая генетические показатели и обеспечивая экономическую устойчивость фермерского хозяйства [3].

Литература:

1. Currents in One Health журнал.

2. Рутковская Д., Пилиньский М., РутковскийЛ. Нейронные сети, генетические алгоритмы и нечёткие системы. – М.: Горячая линия – Телеком, 2006. – 452 с.

3. Стюарт Рассел, Питер Норвиг Искусственный интеллект: современный подход (AIMA-2). 2-е издание.

УДК 330.131.7

РЕСЕЙЛІК АКЦИЯЛАР МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРНАРЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Бисембиева Ж., Алдашова Г.М.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан, zhansaya.alpamysovaaa@gmail.com

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында қор нарығының бүгінде триллион доллар активті айналымға түсіріп отырғандығы,қаржы саласында маңызды рөл атқаратындылығы зерттеледі. Соның ішінде Ресейлік қор нарығының фукнцияларын, инвесторларын, негізгі ойшылдарын,бағалы қағаздардың алатын орны қарастырылады

Түсінік барлығына бірдей,бірақ әркімнің түсінігі әртүрлі. Кейбіреуі қор нарығы мен бағалы қағаздар нарығын бірдей түсінікте қабылдайды бірақ бұлең үлкен қателік.Классикалық түрде бағалы қағаздар нарығы деп айналымға, шығарылымға, сондай-ақ айналымнан әртүрлі бағалы қағаздарды алуға байланысты нарықтың әртүрлі қатысушылары арасындағы кез келген қатынастар түсіндіріледі.Осылайша, бағалы қағаздар нарығы биржалық және биржадан тыс сектордағы операциялардың барлық түрлерін қамтиды. Өз кезегінде қор нарығы – бұл қор биржасы түрінде құрылымдық және ұйымдасқан түрде жұмыс істейтін жалпыұлттық бағалы қағаздар нарығының бөлігі. Қатаң айтқанда, қор нарығы-бұл барлық қатысушылар белгіленген ережелер бойынша жұмыс істейтін ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығы.Осылайша екеуінің арасындағы айырмашылықты көруге болды.

Ал қор нарығындағы қатысушыларды осылай 5 түрде ажыратып қарастыруға болады.Бағалы қағаздар шығаратын нарық қатысушылары. Оларды Эмитенттер деп те атайды. Бұл, мысалы, акциялар мен облигациялар шығаратын кәсіпорындар, сондай-ақ облигациялар шығаратын мемлекет пен федерация субъектілері.Бағалы қағаздар айналымын ұйымдастыратын нарық қатысушылары. Бұл бағалы қағаздарды жеке және институционалды инвесторлар мен трейдерлер сатып алатын және сататын биржа, сондай-ақ есеп айырысуды бақылауға және сатып алу-сату операцияларын есепке алуға жауапты депозитарийлер мен клирингтік компаниялар.Келесі топ-бұл трейдерлер мен инвесторлардың кең ауқымы үшін Биржаның қаржылық активтеріне қол жеткізуді ұйымдастыратын мүшелер. Бұл брокерлер, басқарушы компаниялар, сондай-ақ дилерлер. Бұл компаниялар биржалық мәмілелерді өз атынан да, өз клиенттерінің атынан да жүзеге асыруға құқылы, осылайша биржалық нарыққа барлық тілек білдірушілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мүмкін, барлық инфрақұрылым құрылған ең маңызды топ-бұл жеке және институционалды инвесторлар мен трейдерлердің өздері. Бағалы қағаздарды иелену мақсатында да, қайта сату мақсатында да сатып алатындар.Жеке топ барлық қатысушылар үшін

ережелерді белгілейтін, қатысушылардың қызметін үнемі қадағалап отыратын және Ережелерді бұзғаны үшін қатаң жазаланатын бас реттеушіге лайық – бұл Ресей Федерациясының Орталық Банкі (ОКБР).Қор нарығының негізін биржа құрайды.оның ішінде тіркелген тізімдегі қор активтері мен құралдары арқылы мәмлелер жасалады.Қазіргі кезде осындай қаржылық құндылықтардың ауқымы айтарлықтай көбейді десек қателеспейміз.Олардың ішіне тек бағалы қағаздар ғана емес,сонымен қатар валюталар,бағалы металлдар,несиелік келісімшарттар кіреді.

Кесте 1 – Ресейдің биржасының құрылу хронологиясы

Болған жылдар, жылы	Оқиғалар
1990	Мамырда қазіргі Ресейде бірінші болып Мәскеу тауар биржасы құрылды
1991	Ресейде 100-ден астам биржалар жұмыс жасай бастады,сол кездегі бүкіл әлемдегі биржаларды жартысы болып саналды
1992	Биржалық қор алаңы құрылды
1995	Шілдесінде қазіргі нарық пайда бола бастады
2010	Бирдалар бірігу туралы заң шықты
2011	Желтоқсанында Ресейдің ең ірі интеграцияланған биржалық құрылым құрылды және де ол Мәскеу биржасы болып өзгертілді.

Ол жақтың биржаның стратегиялық міндеті нарықтың өтімділігін сақтау.Өтісді нарық сауда-саттықтың жоғарлауын айтарлықтай өсіреді және де бағаның біркелкі қозғалысқа алып келуін қадағалайды. брокерлердің қызметі клиенттердің шоттары мен брокерлердің жеке қаражаттары қатаң түрде бөлінетіндей етіп ұйымдастырылғанын, іс жүзінде брокерлердің клиенттердің шоттарына кіруге құқығы жоқ екенін атап өткен жөн. Мысалы, клиент жай ғана қаражат сомасын беретін банктерден айырмашылығы, ал банк оларды өз қалауы бойынша басқарады, несиеге береді және т.б. бұдан әрі депозитарийлер туралы айтатын болсақ, біз клиенттердің брокерлік шоттарын қорғаудың тағы бір механизмін көреміз. Электрондық технологияларды дамытудың қазіргі жағдайында биржалық сауда қор нарығының қарапайым, кәсіби емес қатысушылары үшін барған сайын қолжетімді бола түсуде. Енді брокерлер ғана емес, сонымен қатар қосалқы делдалдар да пайда болады, мысалы, Тинкофф Банкі, олар бір жағынан мәмілелер үшін жоғары комиссия алады, ал екінші жағынан, телефон арқылы операцияларды бір рет басу арқылы жасауға мүмкіндік береді.Бұл ретте депозитарийде бағалы қағаздардың иелері туралы ақпараттық жазбаларды сақтау клиенттің бағалы қағаздарына меншік құқығының депозитарийге ауысуын білдірмейді.Клирингтік ұйым биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың өзара міндеттемелерін анықтаумен айналысады. Клирингтік ұйым лицензия негізінде де жұмыс істейді. Негізінде, Биржаның клирингтік орталығы барлық мәмілелерді қадағалайды, мәмілелер бойынша бастапқы және соңғы сатушыларды тіркейді.

Әрі қарай, клирингтік орталық биржалық сессияның қорытындысы бойынша брокерлер мен дилерлер бір-біріне қанша төлеуі керек екенін анықтауы керек. Бүгінгі таңда қор нарығындағы ең маңызды реттеуші Орталық Банк болып табылады. Бірақ бұл әрдайым бола бермейді. Ресей қор нарығының алғашқы реттеушісі 1993 жылы құрылған Бағалы қағаздар нарығы жөніндегі Федералды комиссия болды. Оның өкілеттіктері 2004 жылы Федералды қаржы нарықтары қызметіне (FSFR) берілді.

Кесте 2 – Ресейдің қазіргі кездегі ең танымал акцияларының жағдайы

Атауы	Қазіргі бағасы	Max	Min	Өзгеруі	Өзгеруі%	Көлемі	Уақыты
Сбербанк	285,99	286,20	282,85	+3,20	+1,13	32,31M	22.11.13
Татнефть	637,70	638,80	633,10	+3,50	+0,55	2,21M	22.11.23
Газпром	165,37	166,20	165,05	+0,22	+0,13	8,00M	22.11.23
Озон	2979,00	3016,50	2941,00	-11,50	-0,38	959,49K	22.11.23
Poly	561,40	573,80	557,00	-2,90	-0,51	1,04M	22.11.23
Мечель	317,57	335,65	316,68	-9,81	-3,00	43,00M	22.11.23
Лукойл	7261,0	7296,0	7207,0	+52,0	+0,72	485,62K	22.11.23

Қортындылайтын болсақ, қор нарығы-қолма-қол ақшаны инвестициялаудың ең тартымды нысандарының бірі. Қаржылық тәуекелдерге қарамастан, бұл нарық инвесторға немесе трейдерге жоғары кірісті және оның салымдарының салыстырмалы түрде кепілдендірілген өтімділігін алу перспективасын ұсынылады.Ресейде қор нарығы өте жас және өте төмен бағаланған. Сондықтан ол өте серпінді және тек отандық үшін ғана емес, сонымен қатар шетелдік инвесторлар үшін де қызығушылық тудырады.

Әдебиет:

1. Ниязбекова Ш.У. Современное состояние развития фондового рынка Республики Казахстан / Интернет-журнал Института Государственного управления, права и инновационных технологий «НАУКОВЕДЕНИЕ» Выпуск 1, январь–февраль 2014. http://publ.naukovedenie.ru

2. Берзон Н.И. Рынок ценных бумаг: учебник / Москва-Юрайт 2015г., С.412.

3. Авакян А. Р. Регулирование и контроль рынка ценных бумаг как средстваограничения свободы // Государство и право. - 2015 - № 4 - С. 111-124.

4. Игнатова Т. В. Роль рынка ценных бумаг в обеспечении эффективногоразвития региональной финансовой системы // Финансы и кредит. - 2014 – 350

5. Сорокин Д.Е. Российская экономика: развитие и ограничители // Россия исовременный мир. – 2015 № 2 (79). С. 48-68.

6. Ломтатидзе О.В. Регулирование деятельности на финансовом рынке:Учеб.пособие / О.В.Ломтатидзе, М.А.Котляров, О.А.Школик. М. : Кнорус,2012 288с.

7. Миркин Я.М. Рынок ценных бумаг : учебное пособие / М: Инфра-М,2007. – г.,379 с.

ӘОЖ 631.95

ЖАЙЫЛЫМНЫҢ ДЕГРАДАЦИЯСЫ МӘСЕЛЕСІ

Ботабекова Г.Т., Жумадилова Н.Б., Рахманов С.С., Шынбергенова К.Т
«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» ҚеАҚ, қ. Астана, Қазақстан, bota81@mail.ru

Аңдатпа. Әдеби дереккөздерге талдау жүргізгеннен кейін соңғы онжылдықтарда құрғақ аумақтарды қарқынды пайдалану табиғи жайылымдық аумақтардың деградациясына әкелді. Сондықтан зерттеулер жайылымдық экожүйелердің антропогендік әсерінің салдарын зерттеуге бағытталған. Жайылымдардың деградациясы ауыл шаруашылығы алқаптарын жүйесіз пайдалану нәтижелерінің бірі болып табылды

Жайылымдар биосфераның маңызды құрамдас бөліктері және жер бетіндегі ең үлкен жер үсті экожүйелері болып табылады, олар жер бетінің шамамен 40%-алып, адамзат қоғамына көптеген экожүйелік бар байлығын ұсынады [1]. Жайылымдар жыл сайынғы вегетативті массаның өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі өндіру, топырақ құнарлылығын сақтау қасиеттеріне ие, сонымен қатар жер қорының жағдайына, топырақ құнарлылығына, флора мен фаунаның биоәртүрлілігіне, адамның тіршілік ету ортасына үлкен әсер етеді [2].

Әлемде бойынша адам пайдаланатын 2 миллиард гектар жер (23%) белгілі бір дәрежеде деградацияға ұшырайды. Мысалы, авторлар көптеген жайылымдардың деградацияланғанын, шөп жамылғысының бұзылғанын, тапталғанын, биологиялық әртүрліліктің азайғанын көрсетеді. Осыған байланысты өзін-өзі жаңарту мен өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ететін жайылымдық экожүйелердің тепе-теңдігі бұзылады. Әсіресе елді мекендерге жақын жайылымдық экожүйелердің жай-күйі алаңдатады. Қазіргі таңда бұл жерлердің өсімдік жамылғысының өнімділігі төмендеп, биоәртүрлілік саны азайды.

Жайылымдардың деградациясы биоәртүрліліктің жоғалуына және экожүйе функцияларының бұзылуына әкеледі. Тозған жайылымдар ауыл шаруашылығына үлкен кедергі болып табылады. Жайылымдардың деградациясы мал жаюға қауіп төндіріп қана қоймайды және мал шаруашылығының тұрақты дамуын шектейді [3], сонымен қатар биоәртүрлілікті қамтамасыз ету, атмосфералық көміртекті сіңіргіш, су мен топырақты сақтау сияқты экологиялық функциялардың төмендеуіне әкелді. Жайылымдар деградациясы өсімдік жамылғысы мен биоәртүрліліктің айтарлықтай төмендеуіне әкеліп соқтырады[3], бұл жайылым қабілетінің одан әрі төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, топырақтың органикалық көміртегі, жалпы азот және фосфор сияқты топырақтағы қоректік заттар ыдырау арқылы азаяды.

Жайылымның деградациясын бақылау үшін топырақ сапасын бағалау маңызды. Шын мәнінде, топырақтың деградациясынан туындаған өзгерістер жүйелік деңгейдегі функцияларға және өсімдік түрлерінің құрамына тікелей әсер етуі мүмкін [4]. Бірақ Мюллер ұсынған [5] жайылымның деградациясы топырақтың химиялық қасиеттерінің өзгеруімен тікелей байланысты емес, дегенмен ол өсімдік жамылғысын шектейтін факторға айналуы мүмкін. Өсімдіктер қауымдастығының құрамы қоршаған ортаның өзгеруінің жарқын көрсеткіші және экожүйе функцияларын анықтайтын негізгі фактор болып табылады.

Кейбір зерттеулер [6, 7] жайылымның қысымымен шөптің құрылымы айтарлықтай өзгергенін, жемнің өнімділігі мен сапасының төмендегенін көрсетеді.

Қазақстандағы жайылымдар 186 млн гектардан асады,бұл Қазақстанның барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының 84,1%-на тең, әлем бойынша 5-ші орында тұр.Жайылымдар мал шаруашылығында және қоршаған ортаны сақтауда маңызды рөл атқарады. Алайда, Қазақстанның жайылымдары адамның араласуының артуына байланысты (мысалы, шамадан тыс жайылым) деградацияның әртүрлі дәрежесін көрсетті.

Табиғи жемшөп алқаптары учаскелерінің жайылым сыйымдылығы 3-4 есе асып, жайылымдар жарамдылық мерзімдерін есепке алмай, еркін жаю жолымен пайдаланылады. Мұндай ұтымсыз пайдалану шөп жамылғысының күйіне теріс әсер етті.

Қазақстандағы шөлейттену елдің қоршаған ортасына, Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына әсер етеді. Yunfeng HU және т.б. [1] мәліметтері бойынша Қазақстан жерлерінің шамамен 76,1% - ы деградацияға орташа және жоғары сезімтал болып саналады; Қазақстандағы деградацияға ұшыраған жерлерауданы шамамен 1,5 км^2 құрайды, бұл жалпы жер көлемінің 3,8% құрайды. Сондай-ақ, авторлар [1] Қазақстанның солтүстігіндегі шөлейттенудің екі негізгі аймағында ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы адамның ауқымды және қарқынды қызметі жердің шөлейттенуіне ықпал етті деп мәлімдейді. Жердің шөлейттенуіне жол бермеу және онымен күресу үшін ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті реттеудің мақсатты шараларын қабылдау қажет.

Мұндай жағдайлар жерді тиімді пайдалану ғана емес, сонымен қатар топырақтың құнарлылығын сақтау және бұзылған жерлерді уақтылы қалпына келтіру сияқты өзекті мәселелерді ұсыну қажеттілігін көрсетеді[1].

Тозған экожүйелердің өсімдік жамылғысының өнімділігін қалпына келтіру құрғақ климаттық жағдайлары бар аудандар үшін ерекше маңызға ие, өйткені ауылдық жерлерде көбінесе малды ұстау негізгі табыс көзі болып табылады. Аймақтағы жайылымдық жүктеменің артуы жемшөп қатынастарында құнды көпжылдық шөпті өсімдіктердің төмендеп, шымтезек түзбейтін біржылдық түрлердің артуына әкеледі [4].

Бастапқы өсімдік жамылғысын, өзін-өзі сауықтыру қабілетін жоғалтқан жайылымдардың тұрақты өнімділігін қалпына келтіру фитомелиорация

арқылы мүмкін болады, бұл көпжылдық жемдік шөптерді себу арқылы деградацияланған экожүйелерді жақсарту [8].

Жалпы, жайылымдардың деградациясы топырақ суы мен қоректік заттардың жоғалуына, түрлердің байлығының төмендеуіне және шөптердің үлесінің артуына әкеледі. Өсімдік тамырларының морфологиялық ерекшеліктері бар жерде жайылымдардың деградациясынан туындаған тіршілік ету ортасының үнемі өзгеріп отыратын жағдайлары өсімдік қауымдастығының өзгеретін құрамын анықтайды, соның арқасында экожүйе тұрақтылықты сақтау үшін су мен қоректік заттар сияқты шектеулі ресурстарды толық пайдаланады.Тозған жайылымдарды басқару және оларды қалпына келтіру процесінде экожүйелердің сау жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін түрлердің құрамы мен олардың функционалдық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Әдебиеттер:

1. Yunfeng Hu,YueqiHan,YunzhiZhang. Land desertification and its influencing factors in Kazakhstan // Journal of Arid Environments. – 2020. – Т.180, С.1-11

2. Электронный научный журнал новые исследование тувы // Изменение структуры и запаса растительного вещества на мониторинговых участках степных экосистем – 2009. – 210 с.

3. E.R. Olivera, J.R.Silvaидр. Technology and degradation of pastures in livestock in the brazilianCerrado // Sociedade&natureza. – 2020.-Т.32, стр.585-596.

4. Попов А.И., Чертов О.Г., Калинина О.Ю., Дмитриева О.В. Восстановление функционирования системы "почва-растение" - основа биологической рекультивации антропогенно нарушенных территорий Севера// 3 Международная конференция "Освоение Севера и проблемы рекультивации", Санкт-Петербург, 28-31 мая, 1996: Тезисы докладов - Сыктывкар, 1996. - С. 159-160.

5.M.M.L.Müller,M.F.Guimarães, T. Desjardins,D. Mitja.The relationship between pasture degradation and soil properties in the Brazilian amazon: a case study // Agriculture, Ecosystems & Environment. – 2004.- Т.103, №2.-С.279-288.6. Межунц Б.Х., Навасардян М.А., Сагателян А.К., Продуктивность и кормовое качество злаковых растений сухостепных пастбищ Армении // Фундаментальные и прикладные исследования: гипотезы, проблемы, результаты: сб. матер.межд. научно-практ. конф. – Новосибирск, 2017, с. 22-27.

7. Межунц Б.Х., Навасардян М.А., Саргсян Т.А., Состояние пастбищ сухо-степной зоны Араратской котловины Армении и пути их оптимизации // Устойчивое развитие горных территорий в условиях глобальных изменений: сб. матер.межд. конф. – Владикавказ, № 3(5), 2010,с. 119-123.

8. Тышкевич Г.Л. Экология и агрономия. – Кишинев:Штиинца, 1991 – 268 с.

9. Добровольский Г.В. Деградация почв – угроза глобального экологического кризиса // Век глобализации. – 2008. – № 2. – С. 54–65.

10. Enne, G. and Zucca, C. 2000. Desertification indicators for the European Mediterranean region: state of the art and possible methodological approaches. ANPA, Romaand NRD, Sassari, 261 pp

11. Wilson D. Восстановление деградированной заболоченной местности в округе Пик [Великобритания]. Restoration of a degraded moorland in the Peak District // Biol. J. Linn. Soc. - 1995. - №56, Suppl. A. - С. 221-223.

12. Шамсутдинов З.Ш. и Шамсутдинов Н.З.. Методы экологической реставрации аридных экосистем в районах пастбищного животноводства// Степной бюллетень.-2002.- №11.-С.23-29.

13. Межунц Б.Х., Навасардян М.А., Сагателян А.К., Продуктивность и кормовое качество злаковых растений сухостепных пастбищ Армении // Фундаментальные и прикладные исследования: гипотезы, проблемы, результаты: сб. матер.межд. научно-практ. конф. – Новосибирск, 2017, с. 22-27.

14. Межунц Б.Х., Навасардян М.А., Саргсян Т.А., Состояние пастбищ сухо-степной зоны Араратской котловины Армении и пути их оптимизации // Устойчивое развитие горных территорий в условиях глобальных изменений: сб. матер.межд. конф. – Владикавказ, № 3(5), 2010, с. 119-123.

УДК 635.718 (574.1)

БУДАРИН АУЫЛЫНДАҒЫ ЖУСАНДЫ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ШАРУАШЫЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ҮЛЕСІ

Дарбаева Т.Е., Қыдыралина Е.А.
М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан, dtalshen@mail.ru,kydyralina02@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Бударин ауылы бойынша зерттелген 2 қауымдастықтың өсімдіктеріне жан-жақты сипаттама беріліп, флористикалық талдауы келтірілген. Анықталған зерттеу нәтижелері бойынша кең таралған тұқымдастардың шаруашылық маңызы ұсынылған

Батыс Қазақстан облысының шегінде шөлейттенген жусанды-бетегелі-селеулі дала Жайықтың оң жағалауынан Үлкен және Кіші Өзендерінің ортаңғы бөлігінен Нарын құмдарына дейін үлкен аумақты алып жатыр [1]. Бұл далалардың оңтүстік шекарасы Жайық өзенінен Базартөбе арқылы Сағыз және Ембі өзендеріне дейін созылады. Шөлейттенген далалардың ішінде жусан қауымдастықтары зерттелетін аумақтың басым бөлігін алады [2].

Зерттеу объектісі – Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан Бударин ауылы (GPS: N 50°3038 E51°0346). Бұл аумақ – шөлейт белдемнің құрғақ қоңыржай агроклиматтық белдемінде жатыр. Жайық өзенінің аңғарындағы шалғынды қара және бозғылт сұр топырақты жерінде әр түрлі астық тұқымдасты шөптер өседі. Топырағы негізінен қызғылт қоңыр, сортаң болып келеді [3]. Зерттеу барысында басым 2 қауымдастық анықталды. Олар:Қоңырбасты– ақ жусанды қауымдастық (*Poa bulbosa* L., *Artemisia lerchiana* Web), (GPS: N50.49749°E050.97548°); Кермекті – ақ жусанды қауымдастық (*Limonium sinuatum* (L.) Mill., *Artemisia lerchiana* Web), (GPS: N50.49749°E050.97550°), (1-2 сурет).

1-2 сурет. Кермекті – ақ жусанды қауымдастықтың жалпы көрінісі

Жүргізген флористикалық зерттеу барысында бұл қауымдастықтар бойынша 37 түр, туыс, 16 тұқымдас анықталды. 4 параметр қарастырылған флористикалық құрамның жан-жақты талдауы берілді (Кесте 2).

Кесте 2 – Бударин ауылының ақжусанды қауымдастықтарының флористикалық құрамы

№	Өсімдік атауы	Тұқымдастары	Тіршілік формасы	Фитоценоти калық тобы	Шаруашылық маңызы
1	*Achillea millefolium* L.	Asteraceae	Көпжылдық	Далалы	Дәрілік
2	*Achillea nobilis* L.	Asteraceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
3	*Agropyrondesertorum*Fisch. ex Link.	Poaceae	Көпжылдық	Таулы-далалы	Мал-азықтық
4	*Alyssum desertorum*(Stapf) Botsch.	Brassicaceae	Біржылдық	Далалы	Мал-азықтық
5	*Artemisia austriaca*Jacq.	Asteraceae	Жартылай бұташық	Далалы	Дәрілік
6	*Artemisia lerchiana* Web.	Asteraceae	Жартылай бұташық	Далалы	Мал-азықтық
7	*Asperula danilewskiana*Basiner.	Rubiaceae	Көпжылдық	Орманды далалы	Дәрілік
8	*Atriplex tatarica*L.	Chenopodiaceae	Біржылдық	Далалы	Мал-азықтық
9	*Bromus inermis*(Leyss.) Holub	Poaceae	Біржылдық	Шалғынды	Мал-азықтық
10	*Bromus tectorum*L.	Poaceae	Біржылдық	Далалы	Мал-азықтық
11	*Calamagrostis epigeios*(L.) Roth	Poaceae	Көпжылдық	Орманды	Мал-азықтық
12	*Capsella bursa-pastoris*L.	Brassicaceae	Біржылдық	Шалғынды	Дәрілік
13	*Carexpraecox* Schreb.	Cyperaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
14	*Carexuralensis*Clarke.	Cyperaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
15	*Descurainia sophia* (L.) Webb ex Prantl	Brassicaceae	Біржылдық	Шалғынды-далалы	Мал-азықтық
16	*Dodartia orientalis* L.	Scrophulariaceae	Көпжылдық	Далалы	Дәрілік
17	Drabanemorosa L.	Brassicaceae	Біржылдық	Шалғынды	Дәрілік
18	Eremopyrum orientaleL.	Poaceae	Біржылдық	Далалы	Мал-азықтық
19	Festucabeckeri(Hack.) Trautv.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
20	Festuca valesiacaGaudin.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
21	GlycyrrhizaglabraL.	Fabaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық

Кесте 2 жалғасы

22	Goebelia pachycarpa (C.A. Mey.)	Fabaceae	Көпжылдық	Арамшөпті	Дәрілік
23	Kochiaprostrata (L.) Schrad.	Chenopodiaceae	Жартылай бұта	Шөлді-далалы	Мал-азықтық
24	Lamiumamplexicaule L.	Lamiaceae	Біржылдық	Арамшөпті-шалғынды	Дәрілік
25	Lepidium ruderaleL.	Brassicaceae	Біржылдық	Арамшөпті	Дәрілік
26	Leymus ramosus (Trin.) Tzvel.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
27	Limonium sinuatum (L.) Mill.	Limoniaceae	Біржылдық	Далалы	Сәндік
28	Ornithogalum fischerianumKrasch.	Liliaceae	Көпжылдық	Далалы	Сәндік
29	Poaangustifolia L.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
30	PoabulbusaL.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
31	Polygonum arenariumWaldst. & Kit.	Polygonaceae	Біржылдық	Далалы	Дәрілік
32	Polygonum aviculare L.	Polygonaceae	Біржылдық	Арамшөпті	Дәрілік
33	Potentilla argentea LL.	Rosaceae	Көпжылдық	Далалы	Дәрілік
34	Silene dichotomaEhrh.	Caryophyllaceae	Біржылдық	Арамшөпті	Сәндік
35	SisymbriumloeseliiL.	Brassicaceae	Біржылдық	Далалы	Мал-азықтық
36	Stipa capillata L.	Poaceae	Көпжылдық	Далалы	Мал-азықтық
37	Tanacetum achilleifolium (M. Bieb.) Sch. Bip.	Asteraceae	Көпжылдық	Далалы	Дәрілік

Зерттеу барысында анықталған өсімдіктердің тұқымдастары бойынша талдау жасалды. Бұл талдау бойынша, келесідей нәтиже шықты:*ең көп түрлер* (3-сурет). Poaceae тұқымдасынан 11 (30%) түр, Brassicaceae тұқымдасынан 6 (17%) түр, Asteraceae тұқымдасынан 5 (15%) түр; қалған тұқымдастардың үлесі шамалы, олар:Fabaceae тұқымдасынан 2 (6%) түр, Cyperaceae тұқымдасынан 2(6%) түр, Polygonaceae тұқымдасынан 2(6%) түр, Chenopodiaceae тұқымдасынан 2 (6%) түр, Rubiaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр, Rosaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр, Caryophyllaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр,Liliaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр, Limoniaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр, Scrophul ariaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр, Lamiaceae тұқымдасынан 1 (2%) түр анықталды.



3 – сурет. Ақжусанды қауымдастықтардың тұқымдастары бойынша таралуы

Астық *(Poaceae)* тұқымдасының өсімдіктері негізінен мал-азықтық шөптер болып табылады. Олар жайылымдар мен шабындықтарда маңызды рөл атқарады.Соның ішінде, *Agropyron desertorum*Fisch. ex Link., *Bromus inermis* (Leyss.) Holub., *Bromus tectorum* L., *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., *Eremopyrum orientale* L., *Festuca beckeri* (Hack.) Trautv., *Festuca valesiaca* Gaudin., *Leymus ramosus* (Trin.) Tzvel., *Poa angustifolia* L., *Poa bulbusa* L., *Stipa capillata* L. өсімдіктері мал-азықтық маңызы өте зор.

Астық тұқымдастарының адам үшін маңызы – олардың тағамдық құндылығымен анықталады. Олар астық дақылдары болып саналады және тағамдық маңызы жағынан ерекшеленеді [4].

Крестгүлділер *(Brassicaceae)*тұқымдасының өсімдіктерінің шаруашылық маңызы өте зор. Бұл тұқымдастардың қатарына азықтық орамжапырақ, шалқан, шалғамкөкөністері, майлы дақылды рапс, қыша өсімдіктеріжәне дәмтатымдық өсімдіктерден ақжелкек жатады. Сонымен қатар, дәрілік маңызы жағынан *Draba nemorosa* L., *Lepidium ruderale* L., өсімдіктерін, мал-азықтық *Alyssum desertorum* (Stapf) Botsch., *Descurainia sophia* (L.) Webb ex Prantl., *Sisymbrium loeselii* L. өсімдіктерін атап өтуге болады [5].

Күрделігүлділер (*Asteraceae*) тұқымдасы – бұл тағамдық майлар, салат жапырақтары, күнбағыс тұқымдары, артишоктар, тамақ өнімін тәттілендіргіштер және шөптен жасалатын шайлар алынатын маңызды тұқымдас.Бау-бақша шаруашылығы үшін бірнеше түрлері маңызды болып табылады. Бұл өсімдіктер қатарына: әртүрлі дүстүргүлдер, хризантемалар, нарғызгүл өсімдіктері жатады. Ал, дәрілік маңызына қарай, *Achillea millefolium* L., *Artemisia austriaca* Jacq., *Tanacetum achilleifolium* (M. Bieb.) Sch. Bip. өсімдіктері ажыратылса, мал-азықтық маңызына қарай, *Achillea nobilis* L., *Artemisia lerchiana* Web өсімдіктері маңызды рөл атқарады [6].

Әдебиет:

1. Флора Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1956-1967. – Т. 1-9

